


M


a


M

ы


p



# Қазақстан 1941 -1945

@propisi_kz

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы 1939-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыстың бөлігі болды.

Қазақстан ол кезде КСРО құрамында одақтық республика ретінде (Қазақ ССР) болды. Сол себепті 1941 жылғы 22-маусымда Герман ұлтшыл әскерлерінің Советтер Одағының аумағына басып кіру кезінен бастап соғысқа қатысты.

Қызыл Армия қатарына 1 млн. 200 мың қазақстандық шақырылды, оның жартысынан көбі майдан даласында қаза тапты.

Неміс басқыншыларымен болған қиян-кескі ұрыстардың барлығында қазақ жауынгерлері қатысты. КСРО медальдарымен және жауынгерлік ордендерімен жүз мыңнан аса жауынгер марапатталды. 500-ден астамы Кеңес Одағы Қаһарманы атағына ұсынылды. Оның ішінде қазақ қыздары пулеметші М.Мәметова және мерген Ә.Молдағұлова бар.
Төрт қазақстандық әскери ұшқыш - Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов және Сергей Луганский Кеңес Одағы Батыры атағына екі мәрте ұсынылды.



М.Мәметова



Ә.Молдағұлова

# 28 панфиловшылар

1941 жылғы қыркүйек айының соңында басталған Москва үшін шайқаста Қазақстанда құрылған генерал И.В.Панфилов басқарған 316-шы атқыштар дивизиясы айрықша ерекшеленді. 16-қарашада Панфиловшылар дивизиясының ротасы Ұлы Отан соғысында аңызға айналған шайқасқа түсті.

Бұл шайқаста 28 панфиловшылар Дубосеково разъезді маңында неміс танк батальонымен ұрысқа түсіп, жаудың 18 танкісін, көптеген жаяу әскерін қатардан шығарды. Осылайша жаудың бетін қайтаруға зор үлес қосты. 28-панфиловшылардың осы ерлігі Мәскеу үшін шайқастың айқын символы болды және Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихында соғыс барысын түбегейлі өзгертті.



Қазақстан соғыстың мықты арсеналына айналды.

Респулика экономикасы соғыс қажеттіліктеріне бағыттал-ды.

Еңбек армиясына 700 мыңнан астам қазақстандық шақы-рылып, қорғаныс өнеркәсібіне жұмысқа тартылды.

Қазақстан әскери өнеркәсіпке қажетті мыс, қорғасын, висмут, молибден, полиметалл өндіруде алдыңғы қатарда болды. Қазақстан қорғаныс зауыттары снарядтар, миналар және басқа да қару-жарақтың жаңа түрлерін және соғысқа қажетті басқа да өнімдерді шығаруды меңгерді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы майдан даласын және тылды азық-түлікпен және қажетті өндірістік шикізатпен қамтамасыз етті.







# Ұлы Отан соғысындағы негізгі шайқастар

## 1941 — 1942 жылдар. Мәскеу шайқасы

Бұл шайқас жеңілмейтін герман әскері туралы аңызды жоққа шығарды, Кеңес Одағының халықаралық жағдайы нығайып, жылдам соғыстың жоспары бұзылды.

## 1942 — 1943 жылдар. Сталинград шайқасы

Сталинград түбіндегі шайқас Ұлы Отан және екінші дүниежүзілік соғыс барысының негізгі бастамасы болды. 91 мың адам тұтқынға алынды.

## 1943 ж. Курск шайқасы

Шайқастың басты негізі-неміс әскерінің стратегиялық қорғанысқа өтуі болды. Стратегиялық бастама Совет басшылығының қолына толықтай өтті.

## (жаз 1944 ж.) Белорус операциясы

Операцияның жасырын атауы — «Багратион». Белоруссияны азат ету. Литва мен Латвияны жартылай азат ету

## 1945 ж.Берлин операциясы

Операцияның мақсаты-Берлин бағытындағы бекінген, топтасқан неміс әскерін талқандау, одақтастар әскерімен бірігу үшін Эльбаға шығу жолын, Берлинді басып алу.

# Олар соғысты «АЯҚТАДЫ»

1945 жылғы 30-сәуірде қазақстандық лейтенант Рақымжан Қошқарбаев және ресейлік қатардағы жауынгер Григорий Булатов алғашқылардың бірі болып Жеңістің қызыл туын Рейхстаг ғимаратына орнатты.







Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев атап өткендей

«Ұлы Жеңіске Қазақстанның қосқан үлесі айқын. Армияны қамтамасыз етуде Қазақстан маңызды рөл атқарды. 10 оқтың 9-ы Қазақстан корғасынынан құйылды. Біз майданға 1500вагон киім және азық-түлік жөнелттік. Біздің қосқан үлесіміз айқын».

1945 жылдың тамыз-қыркүйек айларында қазақ солдаттары Қиыр Шығыста нацистік Герман одақтасы-Жапон Квантун әскерін талқандауға белсенді қатысты.

Қазақстан халқы Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың ерлігін ұмытпайды және ұлтаралық достастықты қадір тұтады.

# Состав набора:

- надпись 9 мая (4 листа А4) - вырезать советую с белым контуром, чтоб буквы красивее смотрелись на доске
- парень и девушка в форме (2 листа А4)
- вечный огонь - три размера  (9 листов А4). Обратите внимание !!! Может вам хватит одного размера огня, который на два листа А4.....
- Буклет об участии Казахастана в ВОВ (6 листов А 4)
- выставка «Оружие Победы» (4 листа А4) следует делать на акцент не на том, что это ОРУЖИЕ, а просто на то что это то на какой технике и с каким вооружением проходила та Война.
- медальки «Мы наследники Победы» (5 штук на А4)
- можно использовать без ленточек, тогда стоит отрезать УШКО.

**Электронные версии наборчиков можно использовать для изготовления и продажи наборов в готовом виде.**

**Если продаете через интренет, то  с обязательным упоминанием «Материал предоставлен @propisi_kz»**

*Перепродажа, рассылка электронных версий — не разрешена!*
*Давайте будем уважать друг друга!*
*Если пересылаете друг другу мой материал, то будьте готовы стать звездой на моей страничке в графе Плагиат*



**Спасибо за заказ! Елена Гранковская**


Біз ЖЕҢІС
мұрагерлеріміз


Біз ЖЕҢІС
мұрагерлеріміз


Біз ЖЕҢІС
мұрагерлеріміз


Біз ЖЕҢІС
мұрагерлеріміз


Біз ЖЕҢІС
мұрагерлеріміз

@propisi_kz


1945


1941


1941 1945




## Жеңіс қаруы:

## Тунгі бомбалаушы по-2




## Жеңіс қаруы:

## Ауыр танк КВ-1



## Жеңіс қаруы:

## ГАЗ - ММ



## Жеңіс қаруы:

## ЗИС-6, «Катюша»

@propisi_kz



## Жеңіс қаруы:

ЗИС - 3



## Жеңіс қаруы:

Наган жүйесінің револьвері

Токарев жүйесінің тапаншасы (ТТ)

@propisi_kz



## Жеңіс қаруы:

**Шпагин оқшашар-тапаншасы (ШОТ)**



## Жеңіс қаруы:

**Мосин мылтығы**












194


941

